

*Ғ.М. Қарасаев *¹, Р.Оспанова ², Ә.А. Өскембай ³*

- ¹ тарих ғылымдарының докторы, профессор
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы, Астана қ., Қазақстан
E-mail: karasayev_gm@mail.ru
- ² тарих ғылымдарының кандидат, доцент Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, Алматы қ.,
Қазақстан
E-mail: ablai_angel@mail.ru
- ³ т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
Өскемен қ., Қазақстан

XVIII-XX ҒАСЫРЛАР БАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ТАТАРЛАРДЫҢ (ТҮРКІ-МОНҒОЛДАРДЫҢ) КӨНЕ ЗАМАННАН ОРТА ҒАСЫРЛАРҒА ДЕЙІНГІ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАРИХЫ (ЭТНИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ТАРИХЫНАН)

Аңдатпа

Мақалада батыс зерттеушілерінің, XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың басындағы саяхатшылардың тарихи деректері негізінде түркі және моңғол тайпаларының ұлт ретінде қалыптасуының уақыты мен кезеңдері сипатталған, сондай-ақ олардың Еуразия аумағына қоныстандыру туралы да айтылады. Көрші елдермен және халықтармен қарым-қатынастарын ашып көрсеткен.

Дереккөздерде осы халықтардың өмірі, әдет-ғұрыптары, мәдениеті, діни нанымдары сипатталған. Нақтырақ айтатын болсақ, "татар" сөзінің шығу тарихы ертедегі скиф тайпаларымен байланысы барын көрсетеді. мақалада, батыс зерттеушілердің еңбектерінен қазақ тарихының XVIII-XX ғғ. туралы деректерін түркі-моңғол тайпаларымен байланыстырған. Осы кезеңнің тарихи сипатын ашуға, ақтандақтар бетін толықтыруға алғышарт бола алады. Еркін көзқараста зерттелген казак тарихының осы кезеңі батыс зерттеушілері тарапынан мол, тың мағұлмат береді.

Сонымен қатар, ежелгі сибір тайпалары туралы дерек қалдырған XIX XX ғғ. Ресей тарихшыларының жазбаларынан да түркі-моңғол тайпаларының тұрмыс-тіршілігі туралы біле аламыз.

Тірек сөздер: түрік-моңғол тайпалары, тұрмыс-тіршілігі, этникалық қалыптасуы, дереккөздер, мәлімет, көшпелілер, шаруашылық.

*Ғ.М. Қарасаев*¹, Р.Оспанова ², Ә.А. Өскембай ³*

- ¹ д.и.н., Комитета науки МОН РК, Институт государственной истории, Казахстан, г. Астана
E-mail: karasayev_gm@mail.ru
- ² кандидат исторических наук, доцент КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан
E-mail: ablai_angel@mail.ru
- ³ к.и.н., доцент кафедры Истории Казахстана ВКУ им. С.Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ИСТОРИЯ ТАТАР (ТЮРКО-МОНГОЛОВ) С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ В РАБОТАХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ЕВРОПЫ НАЧАЛА XVIII-XX ВЕКОВ (ИЗ ИСТОРИИ ЭТНОСОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ)

Аннотация

В статье на основе исторических данных западных исследователей, путешественников последней четверти XVIII и начала XIX вв. описывается время и этапы становления тюркских и монгольских племен как народность. Также, повествуется о расселении их на территории Евразии. Раскрыты разносторонние отношения с соседними странами и народами.

В источниках охарактеризованы быт, обычаи, культура, религиозные верования этих народов. Если говорить более конкретно, то происхождение слова "татарин" свидетельствует о его связи с ранними скифскими племенами. в статье, из трудов западных исследователей XVIII-XX вв. данные о тюрко-монгольских кочевых племен туркестана. Может служить предпосылкой к раскрытию, дополнению исторического характера этого периода. Этот период казахской истории, исследованный

в свободном доступе, дает огромный, полный энтузиазма со стороны западных исследователей.

Кроме того, сохранились сведения о древних сибирских племенах XIX-XX вв. О быте тюрко-монгольских племен мы можем узнать и в трудах российских историков.

Ключевые слова: тюрко-монгольские племена, быт, этническое образование, источники, сведения, кочевники, хозяйство.

G.M. Karasaev^{*1}, *A.A. Oskembai*², *R.Ospanova*³

¹*M. Department of Source Studies, Historiography and National History Institute of the State History
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: karasayev_gm@mail.ru*

²*Candidate of historical sciences, associate professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan
E – mail: ablai_angel@mail.ru*

³*Candidate of Historical Sciences, East Kazakhstan State University named after S. Amanzolov, Associate
Professor of the Department of History of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan, Oskemensity*

A SEPARATE HISTORY OF THE TATARS (TURKO-MONGOLS) FROM ANCIENT TIMES TO THE MIDDLE AGES IN THE WORKS OF EUROPEAN RESEARCHERS OF THE EARLY XVIII-XX CENTURIES (FROM THE HISTORY OF ETHNOSOCIAL DEVELOPMENT)

Abstract

In the article on the basis of historical data of western researchers, travellers of the last quarter of XVIII and beginning of XIX cc. time and stages of becoming of turkic and mongolian tribes as nationality are described. Also, it is narrated about their settling on territory of Eurasia. Scalene relationships with nearby countries and nations are exposed.

The way of life, customs, culture, religious beliefs of these nations are described in sources. More specifically, the origin of the word "Tatar" indicates its connection with the early Scythian tribes. in the article, from the works of Western researchers of the XVIII-XX centuries. data on the Turkic-Mongolian nomadic tribes of Turkestan. It can serve as a prerequisite for the disclosure, addition of the historical character of this period. This period of Kazakh history, studied in free access, gives a huge, full of enthusiasm on the part of Western researchers.

In addition, information about the ancient Siberian tribes of the XIX-XX centuries has been preserved. We can also learn about the life of the Turkic-Mongolian tribes in the works of Russian historians.

Keywords: Turkic-Mongolian tribes, life, ethnic education, sources, information, nomads, economy.

Кіріспе. Қазіргі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың арғы ата-бабалары көне заманнан Еуразия аңғарын толығымен қоныстанғандығы белгілі. Уақыттың үлкен мерзімінде осы өңірлерге үстемдік еткен сақтардың, ғұндардың, одан кейінгі түркілер мен монғолдардың тарихы сол уақыттан бастап-ақ Еуропа, Таяу Шығыс, Қытай зерттеушілерінің, жиһангерлерінің, т.б. назарына ілінді. Оның себептерінің бірі де осы көшпенді тайпалардың отырықшы халықтар, мемлекеттермен арадағы қатынастың негізі соғыс, өзара шапқыншылық болып келгендігінен де болар. Мұнымен қатар отырықшы мемлекеттер мен көшпенділер арасындағы өзара әскери одақтық жағдайындағы келісімдер болғандығы да тарихтан белгілі. Олармен арадағы орын алған сауда қатынастары да аталған халықтармен жете танысудың қажеттілігіне айналғандығы айқын. Алайда осыларға қарамастан отырықшы тұрғындардың көшпенді тайпалар, мемлекет-терге деген кері көзқарастары қалыптасты. Оларға “тағы”, “мәдениетсіз”, “жабайы” деген айқындама берілді. Бұл халықтардың өз кезеңіндегі дамыған мәдениеттері, өнерлері, т.б. ескерілмеді, немесе әдейі насихатталмады.

Талқылау. XVIII ғасырдың көлемінен бастап жоғарыдағы аталған көшпенді тұрғындардың өткеніне арналған жазбаша шығармалардың едәуір бөлегі ресейлік басылымдарда жүйелі түрде жариялана бастады. Міне, осылардың қатарына Бенгал қоғамының Президенті Сира Вильямс Джонестің аталған қоғамның 1788 жылғы 21 ақпандағы салтанатты жиналысында сөйлеген және ағылшын тіліндегі азиялық зерттеулерде (Азиатских исследований) жарияланған “Татарлар” туралы сөзін [1] жатқызуға болады. Онда автор көне заманнан XIII ғасырдың басына дейінгі маңайларына “татарлар” деген жиынтық атаумен белгілі болған көшпенді өмір салтын-дағы халықтардың көне заманнан бергі орын алған қалыптасу кезеңдеріне, қоғамдық, әскери құрылымдарына,

шаруашылықтары мен сенімдеріне, т.б. өзіндік талдау берген. Джонестің баяндауында “татарлар” деген атаумен белгілі болған көшпенділерге өзіндік баға беріліп, талдау жасалынған. “Өзімнің соңғы сөзімде,-деп көрсетеді ол,- (Арабтар туралы) азиялық халықтардың үнділіктер және арабтардан ерекшеліктерін айтқанмын. Енді “татарлар” деп аталатын халық туралы сөз еткім келеді. Алайда татарлардың ерекшеліктері туралы аз ғана мәліметтерім бола отыра осы іске кірістім.

Олар аса кең аймаққа қожалық етті. Иеліктері Обьтан Днепрге дейінгі өңірден шығысын-да Қара теңіз арқылы бүкіл Қырымды, одан ары Кавказдың етегінен Кура және Аракс өзендері бойымен Каспий теңізіне, оның қарсы жағалауындағы Джигуннен арғы Кавказ тауларынан Имауска дейінгі жерлер. Одан ары Иедзо өңірінен Ұлы Қытай қорғанының екі жағы арқылы Персия, Индия, Қытай және Кореяға дейінгі, сонымен бірге Ресейдің бір шеті арқылы өтетін Солтүстік мұзды теңіз аралығындағы жерлерді қамтыды.

Ғұндарға айқындама жасайтын Дегин олардың территорияларының айқын сипаттамасын береді. Ол оны (татарлардың қонысын, - Ғ.Қ.) тіреулері мен мұнараларын биік жоталарға бекітіп, қабырғалары көптеген үлкен өзендермен көмкерілгендей әсер беретін, қытайлар “төбе (Небесной) деп атаған таулар мен ну ормандарды құрады деп жазған.

Бұл жерден ауқымды кеңістікті кездестіресіз. Сансыз көп өзендермен суарылған кең жайылымдық, шалғын шөп, керемет хош иісімен, ерекше жемістерімен ерекшеленеді”, [1.161,162-163] – деген оның анықтамасынан көне-ортағасырлық түркі-монғолдардың қоныстанған аймақтарының үлкендігін, табиғи ерекшеліктерін байқауға болады.

“Скифия” сөзі ертедегі еуропалықтарға жеті кеңістік арқылы белгілі болған елге қойылған жалпы атау болуы мүмкін. Плинидің тұжырымынша бұл ұғым осы халықтың гректер мен парсыларға белгілі “Сақ” (Сасае) атауы; Брианның (Bryan) тұжырымынша суда жүзудің бағыттарына арналған белгілердің (termes) мағынасы “Куон” деген сөзден; полковник Валансеяның (VaPancey) айқындауынша немесе грек сөзінің түбірінен алынатын “ашу” және “өшпенділікті” деген мағынаны білдіруіне қарамастан ортақ Скифия мен Татария атаулары ... біз қарастырып отырған халықтардың қазіргі есімдері емес. Шындығында парсылар Скифияның оңтүстік-шығысын “Татарстан” деп атайды және де жекелеген жазушылар “татар” сөзін (атал-ған халықтың - Ғ.Қ.) “ерекше буыны”, келесілері бір кіші өзеннің айқындамасы деп есептейді.

Плинийдің пікірінше, Татарияны әр кезеңдерде Азия мен Еуропаның қалған бөліктерін бағындырған ұлы солтүстік халықтары; жеңілмейтін салтаттылар қолы немесе адамзатты негіздеушілер деп аталған көпсанды халықтар қоныстанды. Жазушы Бальи (Bailly), оны бірінші рет біздің рудың бастаушысы деп атады. Ол ерте дүние ғылымның жаңалығын Скиф-тердің ең солтүстік бөлегінен, атап айтқанда Енисей жағалауларынан немесе Гиперборей елінен алды деген түсініктеме жасайды. Ертедегі Греция, Италия, Персия және Индияның дүниетанымдық ойы солтүстіктен келген деп көрсетеді және де өзінің осы тұжырымын үлкен сеніммен және білімділігі арқылы дәлелдейді.

Татарлар туралы барлық кітаптар арқылы бізге жеткен нақты тарихи деректер Оғыздардан басталады. Олар өздерінің халқының негізін салушыны және оның патшалық құруын 1164 жылы туған Шыңғысханға дейінгі 4000 жылдан бастайды.

Қытай мағлұматтарын шеберлікпен пайдалана отыра Дегин, Висдел (Bisdelou), Майла (MaiPa) және Гобиля (Gaudil), татарлардың ерте дәуірден бергі тарихын жеткізеді. Көне қытай тарихшылары олардың өз отандастарымен арадағы қатынастың барлығына жеккөрініштікпен, тіпті әдейі кері баға берумен қарады. Егерде шындыққа сай келетін болса, көне баяндаулар татарлардың көптеген адам өлтірулер, бүлік, қырғын, тағыда басқаларды іске асырғандығын баяндайды. Хіумб-ну немесе Гунндар (Huns) Висделудың тұжырымы бойынша осыдан 3560 жылға жуық уақыт бұрын үнділіктер мен арабтарды өздеріне тиесілі елдерінен ығыстыра отыра патшалық ете бастады,” [1.165-166,167,172,173]- деген анықтамалардан сақтар мен ғұндардың өз мерзіміндегі халықтар қауымдастығынан алған орны айқындалып, олардың айшықты тарихының кезеңдері жеткізіледі.

Осы мазмұндағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей зерттеушісі П.Риттердің: “Сол аймақты мекендеуші барша халықтар туралы Христос туғанға дейінгі мерзімде жазып келген грек тарихшылары мен географтары бізге тек үнді мәліметтерінен ғана белгілі Сақтар туралы еске салады. Мегасоен және Эратосеннің айқындауынша сақтар одан солтүстікке қарай, яғни, Шығыс Түркістанда немесе Солтүстік Тибетте орналаса отыра Үндістанмен көрші болған. Сақ жерінің өздерін соғдылықтардан ажыратып тұрған Батыс шекарасы Эратосеннің дәлелдеуінше Яксарт болды, ал бұл сақтардың мекенінің Шығыс Түркістан екендігін бекітеді.

Егер де Мегасоен мен Эратосеннің еске алулары негізге алынатын болса, Үндістанмен көршілес сақтар Еуропаға шабуыл жасау үшін жиналған Ксеркстің әскерлерінің құрамына енген сақтар болып шығады, олардың ... шалбар, бастарына басы сүйір, биік қалпақ киіп, қару-лары садақ, қанжар және

сағар (секир) деп аталған ерекше балталары бар Шығыс Түркістанның көне тұрғындарымен ұқсас болғандығын Геродоттан оқимыз.

... Сақтар Дарийға немесе оның алдындағы билеушіге бағынған, алайда Геродоттан бұл туралы анықтама ала алмаймыз, бірақта Лидия патшалығы мен Вавилонды өздеріне қаратқан мерзім аралығында оларды Кир бағындырған деуге негіз бар. Бірақ тасқа қашалған “Бихустан” жазулары бойынша олар Дарийдың билігіне қарсы шықты, алайда наразылық басылды және де Сакук деп аталатын жетекшілердің біреуі тұтқынға алынды. Осы жазуда келтірілген көздері жойылған тоғыз бүлікшімен бірге Дарийдің бейнесі жасалған барельефте Сакук Геродот жазып қалдырған Ксеркс әскерлеріндегі сақтар киген биік және сүйір қалпақпен бейнеленген.

... Парсылармен бірге гректерге қарсы соғыса отыра сақтар Платея және Фермопиль, осылармен қатар Марафондағы шайқастарда ерекше жауынгерліктерімен ерекшеленді. Бұл туралы Геродоттан, сонымен бірге Диодордан оқимыз. Бихустан жазбасы күә болатын Дарий-дың Сақтарға қарсы шабуылы туралы классикалық жазушылардан неғұрлым кейінгі Полиэн ғана еске алады. Осы жазушының деректері бойынша сақтар Алдыңғы Азияда Семирамиды кезінен белгілі болған, себебі олар туралы аталған патша-әйелдің жарлығы бойынша өзінің ісі мен ерлігі баяндалған айтулы жазбада сипатталған. Страбоннан өздерінің негізгі мекені Яксарт-тың арғы жағынан шыға отыра Бактриядағы гректердің билігін талқандап, осы елді өздеріне қаратқандығын білеміз”, [2] – деген мәлімдемесі сақ-скифтердің нақты тарихын айқындай түсетін сияқты.

Баяндамадағы “Негізінен алғанда татарларда жазу, түріктерде әріп болмаған; Прокопийдің дәлелдеуінше ғұндар бұл туралы (жазу,-Ғ.Қ.) ештеңе білмеген және Ұлы Шыңғыс белгілі автордың көрсетуінше монғолдардың арасынан өзінің жорықтарын жазуға бірде-бір адамды таппаған.

Қатігез, сонымен қатар ойлау қабілеті аса жоғары және тарихты жақсы көрген Тимур оқи және жаза білмеген. Ибн Арабшах Қытайда қолданылатын “Дүрбіржін” әліппесін көргендігін айтады. Алайда Қытай оңтүстік Татарияда орналасқандықтан және ондағы әріптердің қолданылу жағдайына қарай оны “тибеттік” деп есептеуге болады.

Ғалым және шешен араб (Ибн Арабшах, - Ғ.Қ.) Қытай татарлары Дүрбірджін әріптерімен өздерінің барлық есептерін, тарихи жазбаларын, мақтау қағаздарын (грамота), мемлекет және сот істерін, Шыңғыстың (Шыңғысханның, - Ғ.Қ.) заңдарын, қоғамдық хат алмасуларды, яғни барлық бағыттағы істерді жазғандығын айтады.

Одан ары оның (Ибн-Арабшахтың, - Ғ.Қ.) мәлімдеуінше шағатай-ұйғыр тұрғындары 14 әріптен тұратын ұйғырлық деп атаған әліппені көптеген жазушылардың пікірі бойынша монғолдар қолданған.

Әбілғазының жеткізуінше, Шыңғыс ұйғыр тұрғындарын сауаттылар ретінде пайдаланған, себебі қытайлықтардың тұжырымынша оның бағыныштыларының арасында бірде-бір жаза алатын адам болмаған. Авторлар Құбылай хан бір тибеттікке өзі билеп отырған халық үшін әріп ойлап табуды тапсырып, оны осы қызметі үшін Жоғарғы Лама етіп тағайындағандығын бекітеді.

Орыстар таяуда Каспий теңізіне жақын маңайдан көне қаланың қалдықтарына жолықса, чудтар жерінен бұғыларды бейнелейтін алтын бұйымдар мен үй заттарын және т.б. төрт аяқты жануарлар бейнелерін, әр түрлі қарулар, сонымен бірге темір емес, мыстан жасалған кен қазу құралдарын кездестірген. Бұдан Балы аталған заттар өте ертеде, 4000 жыл бұрын жасалған деген қорытынды шығарады. ... Көз алдымызда Каспий теңізі маңайынан табылған қолжазба-лардың болмауымен ол туралы нақты пікірді айту мүмкін емес, алайда еврейлердікіне ұқсас көгілдір жібек матаға алтын және күміс әріптермен жазылған қолжазбалардың бірі жоғары Ертіс өңірінен табылғанымен, тибеттік болуы мүмкін.

Үндістан мен Персияны жаулауларына дейін монғолдар мен татарларды мүлдем сауатсыз болды деген пікірді жоққа шығаратын ешқандай дәлел болмаса да олардың ғұндар сияқты өз жерлерінде Христос өмірге келгенге дейін-ақ әскерлері және заң жүйелері болған”, [1. 174,175,-176,192,194,199] - деген мәліметтерден орта ғасырларға дейінгі көшпенді халықтардың, солар-дың ішінде монғолдардың әлеуметтік, мәдени даму тарихынан өзіндік мағлұматтар алуға болады.

“Олар шебер садақ атушылар, қаһарман салтаттылар, шайқас кезінде жиі күтпеген жерден артқа қашулары арқылы қайтадан шабуыл жасауға қолайлы жағдай тудыра алатын ержүрек жауынгерлер болды; негізінен жылқының сүтін (қымыз, - Ғ.Қ.) ішіп, жылқы етін жеген.

Арабтар және еврейлер бұл халықты “татарлар”, ал олар мекендеген елді “Татария” немесе “Татарстан” деп атаған. Қытайлар өздерінің қолданыстарында “р” әрпі болмағандықтан “Тата” деген ұғым берген. Еуропада бұл сөз XII ғасырдың соңына дейін қолданылмаған.

Г.Клапроттың дәлелдеуінше түркі тайпаларын “тартарлар” деп атау Әулие Людовиктің Батыс Еуропаға татарлардың шабуылы төнген кездегі өзінің анасына: “Бізге аспан күш бере көрсін, егер олар осында келетін болса “тартарларды” өздерінің шыққан мекендеріне қуамыз немесе олар біздің барлығымызды көктегі рухқа айналдырады” деген сөздерінен байланысқа енген.

Птолемей, Диодор, Пливи және Страбонның жазулары бойынша сақтар немесе сағтар Бактрия (Бухария), Киммерия немесе Қырымның солтүстігінде, Арменияда, тіпті Каппадонияда тұрған, алайда кейін парсылар қырғынға ұшыратқан.

Сақ атауы Кур мен Аракс, Грузия мен Каспий теңізі немесе Қарабах және Гандыжах аралығындағы аңғарда белгілі болды. Аталған округтің бір бөлегі тұрғындарының сонымен бірге “казак” атауы сақталған.

Тарих Татарианың терең ішінен шыққан, немесе кейбіреулері жеңімпаздардың соңынан оларға қосылған соңғы ұрпақтары өркениетті елдердің қалдығын бөліске салған Авар, Ғұн, Геруль, т.б. көшпелі тайпалардың атауларын аса қорқынышпен еске алады. Орта ғасырларда татар әскерлерін алапат дауыл, су тасқыны, таулардың от шашуларымен теңестіріп, көптеген халықтар оларға толығымен бағына отыра, жаратушының солтүстіктен сансыз көп татарларды жіберуі өздерінің кінәлары үшін жерлерін тартып алумен жазалады”, [2.200, 3. 203,- 204, 207, 225, 4. 252] – деген келесі айқындамадан “татарлар” деген жалпы атау алған көшпенді халықтардың жауынгерлігі паш етіледі.

Одан кейінгі батыс тарихшысы Р.Груссенің: “Түріктер немесе монғолдар қоршаған орта-ның қатал сынынан өткен, сондықтан да өктемдік құруды мақсат еткен табанды, өркендеуші және қалыптасқан нәсілге жатады. Қаншама отырықшы қоғам құлдырай келе олардың қала-ларына басып кірген көшпенділердің шабуылдарына ұшырап, қанды шайқас аяқталғаннан кейін басқыншылар қиындықсыз өздері талқандаған елдің басқарушыларын ауыстырды. Именудің ешқандай түрін де бастарынан өткізбей ең ұлы билеушілерге айналды. Қытайдың ұлы Ханы, Персияның Шахы, Индияның Императоры, Румның Сұлтаны болды. Көшпенділер жағдайға бейімделе білді. Пекинде ол жартылай қытайлыққа, Исфаханда немесе Рееде жартылай парсыға айналды.

Олар ат үстінен садақ атуды шеберлікпен меңгерді. Не қытайлықтар, не ирандықтар, не орыстар не поляктар, не венгрлар бұл бағытта монғолдармен теңесе алмады. Шексіз далалық жағдайда өмір қойған талапқа орай ең ерте балалық кезінен салт атпен аңды қуу, жасырын тосқауылдар қоя білу, әртүрлі аңшылық шеберлікті меңгерулері, күн-көрісінің негізі болған олжаны қолға түсіру жолындағы шыдамдылықтары, осының барлығы монғолдардың артықшылығы еді. Көшпендінің басымдылығы жауларына қарсы шабуылдарының жиілігінде емес, кері-сінше оның күтпеген жерден болғаны, жылдам ұрыс даласын тастап шығу және қарсыласының лайықты тойтарыс беруін іске асыртпай еселенген күшпен қайтадан пайда болуында еді. Қал-жырата және үнемі соңына түсе отыра көшпенділер ақыр соңында жауларын әбден әлсіретіп, ініне қашқан аң сияқты қырғынға ұшырататын болды. Шебер қимылдау, керекті уақытта қа-жетті жерге жинала білу мұндай атты әскерді әскери өнердің жеңімпаз түріне айналдыра білді.

Салт атты, садақты қару еткен далалық жауынгер табиғаттың стихиялық негіздегі туын-дысы, аштық пен суықтың зардабын үнемі жеңе білуші ретінде Еуразияда XIII ғасыр бойы үстемдік етті; мұндай жағдай аса ауыр аштық жылдарындағы көшпендіні өлімнен алып қалып отырған жалғыз ғана таңдау болды.

Нәтижелері. Басқа ордаларға үстемдік құруға ұмтылған осы көшпелі тайпалардың бар-лығы да Жоғары Монғолиядағы Орхонның сағаларындағы Қарабалғасун мен Қарақорымнан шықты. Олар: біздің заманымызға дейінгі түркілік хуннулар, Христос өмірге келгеннен кейінгі III ғасырдағы монғолдық сяньбилер, V ғасырдағы тағы да монғолдық жуань-жуандар, VI ғасырдағы ту-кю түркілері, IX ғасырдағы түркі-қырғыздар, X ғасырдағы монғолдық кидандар, XII ғасырдағы сөзсіз түркілік керейлер немесе наймандар және XIII ғасырдағы монғол-чингизидтер.

Көне дәуірдегі түркі-монғолдардың арасындағы басымы римляндар мен индустар тағылар деп атаған, хундармен мазмұндас қытайлықтар хун-ну деген есім берген халық болды.

Қытай тарихшысы Сыма Цянның дәлелдеуі бойынша жаңа дәуірге дейінгі III ғасырдың екінші жартысында мықты және біртұтас халыққа айналған ғұндар бір орталыққа бірігуі мүмкін. Олардың “шань ю” деп аталған жоғары билеушісі қытайлық мазмұнда “чэньги-ли ку-ту шань ю”, яғни қытай тілінен аударғанда “Аса мәртебелі Аспан Ұлы”, осы арқылы түрік және монғолдық “чэнг-ли” сөзінің тамыры негізіндегі “Тәңірі-Аспан” деген мағынаны береді.

Скифтер сияқты хун-нулар да негізінен көшпенділер болған. Жылқы табындары, ірі қара мал мен қой үйірлері, түйе керуендері олардың өмір сүру жағдайларының деңгейлерін айқындады. Хундар бір орыннан екінші жерге жылжып, су мен жайылымдақтар іздеу мақсатында көшіп-қонумен айналысты. Олар негізінде ет тағамдарын қорек етті, киім ретінде аңдардың терілерін, пайдаланды,

теріден жасалған төсеніштерде ұйықтады. Олардың баспаналары киізден жасалған шатырлар болды. Егер де сенімдеріне келетін болсақ, шаманизмді еске түсіретін Тәңіріге немесе Күдіретті Аспанға сиынып, бірнеше қасиетті тауларды құрмет тұтты.

(Әскери,- Ғ.Қ.) қуғын кезінде көшпенділер тактикалық қулықпен қытай әскерлерін Гобидің ішіне және далаға қарай алдап кіргізе және өздерін шығынданудан сақтай отыра бірден оларға сансыз садақ оқтарын жаудыру арқылы жауларының тамақ пен судың жетімсіздігінен әбден әлсіреп, толығымен әскери қуатын жоғалтқан кезде шешуші соққы берді. Жылдам қимылдайтын атты әскер, садақ аруды шеберлікпен меңгеру ертедегі хуннулардан Шыңғысханға дейінгі далалық билеушілердің барлығында өзгеріссіз қалды. Соғыс жүргізудің осындай тәсілі шығыстағы хунндарға, батыстағы скифтерге де тән болды.

Хунндардың түркі-монғол халықтарының ішіндегі тілдік айырмашылығына келетін болсақ, жекелеген авторлар, атап айтқанда, Куракики Ширатори оларды монғолдықтар ретінде қарау керек деп есептейді. Кейбір қытай мәліметтерінен алынған лингвистикалық ерекшеліктерін қарастыра келе Пеллио олардың сөздері саяси элита дәрежесіндегі хуннулардың түркі халықтарына жататындығын қарастырады”, [5.8,9,14,38,39,40-41] деген анықтамасы да бастауын сақ-ғұндардан алатын Еуразияның көшпенді түркі-монғол тайпаларының Шыңғысхан билігі орнағанға дейінгі өшпес тарихын бізге жеткізеді.

XX ғасырдың басындағы голланд зерттеушісі Лео де Хартогтың жазуынша: “ҮІІ-ХІІ ғасырлар аралығында татарлар өздерінің жауынгерліктерінің арқасында үлкен ықпалға ие болды. Сол мерзімдегі монғолша сөйлейтін барлық тайпалар қытайлықтар арасында да “татар-лар” деп аталуы мүмкін. “Татар” есімі монғолдарда Шыңғысханның кезінде де оның даңқына қарамай қолданылып келді. Монғол империясында болған еуропалықтар “тата” атауын жиі қолданған, алайда монғолдар “татарлар” олар бағындырған тайпа екендігін жеткізген.

Самарқанд пен Бұхарадан келген шығыс иран халқы соғды әліппесін пайдаланған. Шығуы жағынан семиттік бұл әліппе тарихта ұйғырлық жазу деген анықтамамен белгілі. (Ұйғыр әліппесі өз кезегінде соңғысы генетикалық семиттік төркіні бар арамейлік деп алатын соғды әліппесі негізінде жасалған. Шыңғысханның халқы жазуды білмегендіктен ол ұйғыр жазуын Монғол империясының ресми әліппесі етті. Кейін бұл жазу кеңінен белгілі болды.

Ешқандай да діни салт-дәстүр мен сиынудың болмауы Монғолияда болғандарға оларда белгілі бір діннің үстемдік етпегендігі туралы ой тудырды. Алайда оларда діни ілім болған. Біртұтас Тәңірі (Мәңгілік аспан) құдайына сенген. Кейбір монғол дәстүрлері тау шыңдары мен өзен ағысын дәріптейтін көне анимизмнен жалғасын тапқан. Монғолдар Тәңіріне жақындау және оған өтініштерін жеткізу үшін қасиетті таулардың шыңдарына шыққан. Өздерінің бағыныштылықтарын білдіру үшін олар бас киімдерін шешкен және де белбеулерін иықтарына ауыстырған”. [6.13,15,16]

“Сибирский Вестник” журналының жоғарыдағы көрсетілген санында “Российские монголы. Поступление монголов в российское подданство” [7] деген шолу беріліп, онда монғолдардың ХІХ ғасырдың басына дейінгі рулық бөлінулері, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлары, салт-дәстүрлерінен деректер келтірілген. Онда көрсетілгеніндей: “Монғолдардың үлкен бөлегі Ресей қарамағына граф Головинның қытайлармен жасалған “Шекара тракты” негізінде 1689 жылы өтті. Олар келесі ордалар немесе аймақтарға бөлінеді: 1. Цонголь, 2. Сартол, 3. Табанақ, 4. Хатигонь, 5. Езепь, 6. Подгородный, 7. Хорин. Бірінші алты орда Монғол Сайын-ханының, ал соңғысы Цецень ханның иелігінде болған.

Монғолдар буряттар сияқты басқарылады. Атақты ру жетекшілерін “тайша” деп атайды, одан кейін зайсан, төленгі және засолдар. Бұл атақтар әулеттік болып, қоғамның және мемлекеттің бекітуімен ұлдарына немесе жақын туыстарына өтеді.

Халық басшылары (ру басылары,- Ғ.Қ.) өздері және балалары үшін ешқандай салық төлемейді, сонымен қатар өздеріне ештеңе талап етпейді. Тайшаның екі зайсан және бірнеше төленгі, засол көмекшілері, ал олардың бір жылға сайланатын бағынышты даамалдары болады. Олар көшпелі монғолдардан салық жинай отыра оны зайсанғыларға немесе тайшаға өткізеді, ал оны уезд қазынасына жеткізеді. Әр ұлыстың туыстық қатынас негізінде қалыптасуына орай кез-келген жеке іс барлығының ортақ мәселесі болып табылады. Шығынға ұшырағанға немесе бақытсыздыққа тап болғандарға бірлесіп көмектеседі. Шағын даулы мәселелер мен қылмыс жоғары топ өкілдерінің қатысуы арқылы шешіледі, ал маңызды істер немесе шешімге келіспегендер мәселесі арнайы құрылған орында қаралады.

Қоғамдық және маңызды істер старшынның болатын жері, күні көрсетілген әр үйге шақыру жіберу арқылы жиналатын кеңесте (цуклы) тыңдалады.

Кім уақытында төлемейді, оған арнайы шабарман жібереді. Аталған кеңестердің бірауыздан бекітілген ережесі қатаң орындалады.

Олардың негізгі тағамдары әр түрлі жағдайларда ашытатын және дайындайтын сүт. ... жаз мерзімінде күнсайын сүттен шарап дайындап, жылы күйінде ішеді, ал шарап дайындаған қазан түбіндегі ірімшікті тағам ретінде пайдаланады, немесе бөшкеге салып, қысқа қалдырады.

Егер де монғол немесе бурятқа аңға шыға отыра өзімен бірге мыс немесе шойын қазан алу қолайсыз болса, қайыңның қалың қабығын аршып алады, оны өзара тығыз байлап, жәшік сияқты тігеді; егер ет пісіру қажеттігі туса, ол бөшектегіп, жәшікке салынады және су құяды, одан кейін жәшікке отпен қыздырылған тас салады; екі не үш минуттан кейін тағам толығымен дайын болады.

Тағамның бұл түрі-Харкок деп аталады. Алыс жолдарда және әсіресе соғыс уақытында олар етті төмендегідей тұрғыда дайындайды: от жағып, оған тастарды тастайды. Одан ары оттың айналасына әрқайсысы бір аршынан тұрт бұрышты шұңқыр қазады, астына қыздырылған тастарды жинап, құрғақ жапырақтармен, шөппен толтырады. Оған бөлшектелген етті орналастырып, тағы да жапырақ, шөп, тағы да қыздырылған тас салып, топырақпен жабады. 10 минут өткен соң ет піседі. Оларда аспаздық шеберліктің үшінші түрі бар. Қойды немесе қолға түскен аңды бауыз-дап, терісін сыдырып алады, оның мойын жағын байлап, одан ары теріні тарта отыра артқы аяқтарымен ағашқа кереді, мөшекке ұқсаған оған бөлшектелген етті салып, су құяды және қыздырылған таспен қайнатады. Тері (қызумен,-Ғ.Қ.) терлеген не ыдыраған кезде ет пайдалануға дайын болады.

Малдың еті оларда қасиетті тағам ретінде бағаланады. Егер де біреу байқаусызда бөлек етті жерге түсіріп, немесе оған сұйық төгіп алса, оны кінәлілікпен көтеріп алады. Отқа су құю үлкен кінә болып есептеледі. Егер біреу байқаусызда осыны істесе, отқа бір түйір май лақтыруға міндеттенеді. Егер де кім-де кім кесені немесе басқа ыдысты аударып, жерге құлат-са, оны аттап өтсе, немесе иттің жалауына, осы арқылы қорлауға жол берсе, оны отқа ұстап, тазалауға рұқсат етіледі.

Мал шаруашылығы кеңінен дамығанымен монғолдар аңшылықпен де айналысады; аң аулауға негізінен “самострел” қолданылады. Өзі атылатын садақтарды орнату үшін олар қыс кезінде таулы және орманды жерлерде құрғақ ағаштардан қарға бірдей қашықтарда орналасқан тесіктері бар сырықтар қағады, оған жебе тартылған садақтар орнатылады, жылқының қылынан жасалып, тартылған жіпке аңның денесі тигенде жебе атылып, оның денесін тесіп өтеді. Кейде бір аңшы бірнеше жүздеген осындай садақ орнатады. Мұндай садақтарды олар атылған аңды қолайлы жағдайда қуып жету үшін негізінен күзде, қар жауған кезде қояды.

Монғолдар мен буряттардағы жастардың үлкендерге деген құрметі ерекше ықыласқа және үлгі алуға боларлықтай.

Үлкен адам түрегеліп тұрғанда жасы кіші отыра алмайды. Егер де үлкен адам тұрғысы келсе, жасы кіші оған көмектеседі. Жасы кіші үлкен адам оның үйіне таяғанда алдынан жүгіріп қарсы алады, түсіріп, атын байлайды, қайтар уақытта атын әкеліп, шығарып салады. Той кезінде де үлкен адамның жасы кішілерден көптеген артықшылықтары болады.

Олардың көптеген жанды тербер және тәрбиелік бағыттағы ертеден ауызекі арқылы келе жатқан мол өлеңдерін ескермеуге болмайды”. [7.167-174]

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы сараланған деректер арқылы тарихи дамудың белгілі бір мерзімінде өздері тығыз араласып, жан-жақты байланыс жасаған халықтар қауымдастығы арасында ықпалды күшке айналған халқымыздың арғы ата-бабаларының көрнекті де даңқты өткенін білуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. //Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским. 1824 год, Часть третья. - “О татарах”(Речь Президента Бенгальского Общества Сира Вильяма Джонеса, произнесенная в торжественном собрании онаго Общества 21 февраля 1788 г.)... – СПб., 1824, – С.161-202;
2. Землеведение П. Риттера. География страны Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россиею. Восточный или Китайский Туркестан. Издано императорским русским географическим обществом. ... Выпуск второй-дополненный, отдел первый-историко-географический. – СПб., 1873, сс.7-8
3. //Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским. 1824 год, Часть четвертая. - “О татарах ” (Окончание) Примечание Г.Лангеса. – СПб., 1825. –С. 203-242
4. //Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским. 1824 год, Часть четвертая. - О нравах и завоеваниях древних татар и монголов. – СПб., 1825. – С.243-267
5. Груссе Р. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан. Том I. Пер. с франц. Х.К.Хамраева. /Сост. Б.М.Сужиков. – Алматы: “Санат”, 2005. – 286 с.

6. Лео де Хартог. Чингисхан завоеватель мира /Лео де Хартог. – М.:Олимп:АСТ:Астрел;Владимир:ВКТ. 2008. – 285,[3]с.

7. Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским.1824 год, – СПб., 1825., Часть четвертая. Российские монголы. – С.167-174

References:

1. //Sibirskii Vestnik, izdavaemyi Grigorem Spasskim. 1824 god, Chast tretia.-“O tatarah”(Rech Prezidenta Bengalskogo Obestva Sira Viliama Djonasa, proiznesennaia v torjestvennom sobranii onago Obestva 21 fevralia 1788 g.) ... Spb., 1824, S.161-202;

2. ZemlevedenieP.Rittera. Geografua strany Azii, nahodiashsia v neposredstvennykh snosheniiah s Rossiiey. Vostochnyi ili Kitaiskii Tyrkestan. Izdano imperatorskim rysskim geograficheskim obestvom. ... Vypysk vtoroi-dopolnennyi, otdel pervyi-istoriko-geograficheskii.- Spb., 1873, ss.7-8

3. //Sibirskii Vestnik, izdavaemyi Grigorem Spasskim.1824 god, Chast chetvertaia.-“O tatarah ” (Okonchanie) Primechanie G.Langlesa - Spb., 1825, S. 203-242

4. //Sibirskii Vestnik, izdavaemyi Grigorem Spasskim.1824 god, Chast chetvertaia.- O nrvakh i zavoevaniiah drevnih tatar i mongolov. Spb., 1825, S.243-267

5. Grýsse R. Imperua stepei. Atilla, Chingishan, Tamerlan. Tom I. Per. s frants. H.K.Hamraeva. /Sost.B.M.Sýjikov.-Almaty: “Sanat”, 2005.- 286 s.

6. Leo de Hartog. Chingishan zavoevatel mira /Leo de Hartog.-M:Olimp:AST:Astrel;Vladimir:VKT 2008.-285,[3]s.

7. Sibirskii Vestnik, izdavaemyi Grigorem Spasskim.1824 god, Spb., 1825., Chast chetvertaia. Rossuskie mongoly . S.167-174